

Тұңғышбаева Ғ.Ж.¹, Қожахметова Ф.Б.²,

С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің
¹аға оқытушысы, ф. ғ. м., ²оқытушысы, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: galiya503@gmail.com; Kozakhmetova.farida@mail.ru

ЭПИКАЛЫҚ ЖАНРЛАР ТАБИҒАТЫ

Мақалада эпикалық жанрдың түрлерін сөз ете отырып, олардың басқа жанр түрлерінен айырмашылығы да қарастырылады. Эпикалық жанр түрлері Академик З.Қабдоловтың шағын көлемді, орта көлемді және кең көлемді деген жіктеуі бойынша талданады. Бұл жіктеу эпикалық шығармаларды тек көлемдік жағынан ғана емес, ең бастысы өмір шындығын қамту мен адам мінезін тұлғалау мүмкіндігіне де байланысты жасалған.

Мақалада эпостық жанр ерекшеліктерінің бірі өмір шындығы уақиғаны баяндау арқылы көрсетілетіні сөз етіле отырып, эпикалық жанр түрлері: аңыз, ертегі, мысал, очерк, әңгіме, новелла, батырлар жыры, дастандар, поэма, повесть, роман және роман-эпопеялардың ұқсастықтары мен айырым белгілері де көрсетіледі. Сондай-ақ, мақалада эпикалық жанр түрлері мен ерекшеліктері туралы ғалымдардың айтқан ой-пікірлері берілген. Эпикалық жанр түрлерінің айырым-белгілері мен ерекшеліктеріне төл әдебиетіміздің классик жазушыларының шығармаларынан мысал келтірілген.

Түйін сөздер: жанр, эпикалық туындылар, аңыз, ертегі, мысал, очерк, әңгіме, новелла, батырлар жыры, дастандар, поэма, повесть, роман және роман-эпопея, шығарма көлемі, кейіпкер.

Tungyshbaeva G.Zh., Kozhahmetova F.B.

The nature of epic genres

This article discusses the types of epic genres and their differences from other genres. The types of epic genres are classified according to the classification provided by the academician Z. Kabdолоv, who revealed small, medium and large sizes of epos. This classification analyzes the epic genres not only in volume, but also, most importantly, on coverage of the realities of life and characteristics.

The article notes one of the features of the epic genre, which implies the usage of the method of narration of the realities of life, events, and it also identifies the similarities and differences between the types of epic genres, such as: legend, fairy tale, fable, essay, story, novel, heroic epic, dastan, poem, narrative, novel and epic novel. In addition, the article provides the opinions and views of scientists on the types of epic genres and their characteristics, as well as examples from the works of national classical writers on similarity and difference, as well as the peculiarities of the types of epic genres.

Key words: genre, epic works, legend, fairy tale, fable, essay, story, novel, heroic epic, dastan, poem, narrative, novel and epic novel.

Тунгышбаева Г.Ж., Қожахметова Ф.Б.

Природа эпических жанров

Данная статья рассматривает виды эпических жанров, а также их отличие от других жанров. Виды эпических жанров классифицируются по систематике академика З. Кабдолова, который выявил малый, средний и большой виды эпоса. Данная классификация анализирует эпические жанры не только по объему, но также, самое главное, по охвату реалий жизни и характеристике персонажей. Статья отмечает одну из особенностей эпического жанра, которая заключается в использовании способа изложения реалий жизни, события, а также выявляет сходства и отличия видов эпического жанра, таких как: легенда, сказка, басня, очерк, рассказ, новелла, богатырский эпос, дастан, поэма, повесть, роман и роман-эпопея.

В дополнение, в статье приводятся мнения и взгляды ученых по видам эпических жанров и их особенностям, а также примеры из произведения отечественных классических писателей по сходству и отличию, а также по особенностям видов эпических жанров.

Ключевые слова: жанр, эпические произведения, легенда, сказка, басня, очерк, рассказ, новелла, богатырский эпос, дастан, поэма, повесть, роман и роман-эпопея.

Жанр – әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Көркем шығармаларды тегіне қарай және бітім-тұлғасы, өмірді бейнелеу өзгешелігі жағынан жіктеп – ажырату ерте заманнан бастап-ақ кездеседі. Осылай әдеби нұсқаларды тегіне, түр-түріне қарай ажыратып бөлу негізінде жанр деген ұғым қалыптасқан. Орныққан жүйе бойынша әдеби шығармалар негізінде үш топқа бөлініп, жіктеледі: эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр.

Эпостық жанр. Мұнда өмір шындығы негізінен уақиғаны баяндау арқылы көрсетіледі. Оқиғалар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері өмірдегі болатын объективті болмыс қалпында алынып, бейнеленеді, жазушы тек баяндап жеткізуші ретінде көрінеді. Бұл жанрдың шығу тегі ауызша поэзиядағы халықтық жыр, эпостық поэмадан басталады.

Эпикалық тектің немесе эпостың жанрлық түрлері сан алуан: аңыз, ертегі, мысал, очерк, әңгіме, новелла, батырлар жыры, дастандар, поэма, повесть, роман және роман-эпопея.

Эпикалық туындылар көркем қара сөзбен де, өлеңмен де жазылады. Енді эпикалық шығармалардың негізгі жанрлық түрлеріне тоқталайық. Академик З.Қабдолов өзінің «Сөз өнері» (2002) атты оқулығында эпикалық тектің үлгілерін шағын көлемді, орта көлемді, кең көлемді эпикалық түрлер деп үшке бөлген [1]. Бұл жіктеу эпикалық шығармаларды тек көлемдік жағынан ғана емес, ең бастысы өмір шындығын қамту мен адам мінезін тұлғалау мүмкіндігіне де байланысты жасалған.

Алдымен шағын көлемді жанрларға тоқталайық. Әңгіме – эпикалық жанрдың шағын түрі, сондықтан онда көбіне көп адам өмірінің жекелеген сәтін танытатын бірер оқиға ғана баяндалады. Осы мақсатына сай әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны да мейлінше шақтаулы болып келеді. Әңгімеде баяндалатын оқиғаның шектеулілігі, кейіпкерлер санының аздығы, құрылысының жинақылығы, көлемінің шағындығы бұл жанрдың жеңілдігін емес, қайта қиындығын көрсетеді. Автор уақыт жағынан мейлінше қысқа мерзім ішінде кейіпкерлер өміріндегі біреу де болса бірегей оқиғаны көркем

баяндау-суреттеу арқылы оқырманға олардың адамдық болмыс-бітімін айқындап беруі керек. Бұл әрине, оңай іс емес. Осы міндетті мінсіз орындау үшін өмірді, оның заңдылықтарын терең білу өз алдына, ең бастысы оның (өмірдің) бір сәтінің тынысын аядай уақыт шеңберінде көркем де кемел таныта білуі керек, бұл қаламгерден талант пен суреткерлік шеберлікті талап ететін шарттар.

Айтылған жайлар әңгіменің автордан қалыптасқан шеберлікті, көркемдік талғамды, танымды талап ететін қиын да кірпияз жанр екенін айғақтайды. Тегінде «Шынында жазу өнеріне шағын әңгіме арқылы төселу керек, өйткені, шағын әңгіме авторды сөзді үнемдеп қолдануға, оқиғаны қою етіп көрсетуге үйретеді» деп Горький өте білікті айтқан. Бұл пікірді У.Фолькнердің «Қысқа әңгімеде әр сөз өз орнымен, мейлінше нақты болуы керек. Романда басы артық сөз, детальдар бола береді, ал әңгімеде болмауы тиіс. Оның көлемінің өзі мол сөзділікті көтере бермейді» деген толымды тұжырымы толықтыра түседі [2]. Бұған әйгілі қаламгер А.П.Чеховтың «Қысқалық – таланттылық тәлімі» деген белгілі сөзін қоссақ, мұның бәрі қосыла келгенде әңгіме жанрының ерекшеліктерін, оның шынында да шеберлік мектебі екенін, себебін айқындай түсетіні ақиқат.

Қазақ көркем қарасөзінің айтулы өкілі Б. Майлин қаламынан көптеген әсем, шынайы әңгімелер туғаны белгілі. Жазушы әңгімелері – жанрдың бар ерекшеліктерін (қысқалығы, композициялық жинақылығы, сюжетінің бірер оқиға, эпизодқа құрылуы, кейіпкерлер характерінің бірер әрекет, жағдайда танылуы т.б.) танытатын көркемдік қасиетке ие. Жазушының «Талақ» атты әңгімесіне негіз болған оқиға – Айдарбек есімді отағасының ашу үстінде зайыбын талақ етуі. Кейіпкерлер характерінің сыры да, жалпы әңгіменің барлық түйіні де осы оқиғаға негізделген. Айдарбектің ұр да жық мінезі мен еркексіп байқамай айтқан бір сөзінен тартқан өкініші, Зейнептің көнбістігі мен сезімталдығы, екеуінің бірде тату, бірде араз қоңырқай тірлігі, не керек, бар адамдық болмысы шағын әңгімеде бір оқиға құраған екі эпизод (ренжісу мен татуласу) барысында өте нанымды да әсерлі бейне-

ленген. Кейіпкерлердің белгілі бір қалыптасқан мінезбен, әдет-дағдымен көрінуі – әңгімеге тән бір ерекшелік десек, Бейімбет туындысында екі кейіпкер де (Айдарбек, Зейнеп) күнделікті төл мінезімен, қалыптасқан өмір дағдысы-салтымен мейлінше табиғи көрінген.

Әңгімемен көлемі, құрылысы, мазмұны, кейіпкерді танытуы жағынан ауылдас болғанымен, одан өзіндік бірер ерекшелігімен оқшауланатын шағын эпикалық жанрдың бірі – новелла (итальян сөзі – *novella* – жаңалық).

Новелла – бұл да әңгіме, бірақ, классикалық үлгідегі новеллада қалыпты әңгімеден өзгешелік бар, ол оқиғаның қызу, ширақ дамуы әрі оның күтпеген жерден кілт, тосын шешіммен аяқталуы. Гете тауып айтқандай, новелланың шынында да «адам естімеген әрі айрықша оқиға туралы шындыққа сай әңгіме» екені рас:

Жанрдың классикалық үлгілері Еуропа және орыс әдебиеттерінде көптеп кездеседі. Новелланың атасы дерлік Боккачодан (Қайта өрлеу дәуірі, XIV ғасыр) бастап, Ги де Мопассан, А. Чехов, Эдгар По, Стефан Цвейг новеллист қаламгерлер ретінде әлемге әйгілі. Қазақ жазушыларынан бұл жанрда елеулі еңбек еткен Ғ. Мүсірепов. Оның ана туралы новеллалары («Ашынған ана», «Ананың анасы», «Ананың арашасы», «Ақлима») төл әдебиетіміздегі осы жанрдың озық үлгілері санатында [3].

Әңгіме мен новелланың аталып өткен ерекшеліктегі бұл жанрлардың классикалық үлгілеріне тән айырмашылық. Әйтпесе, қазіргі әдебиеттегі әңгіме мен новеллаларда бұл ерекшеліктер үнемі және соншалықты дараланып көріне бермейді. Сондай-ақ қазіргі әңгіме мен новеллалық туындыларда көлем, композиция тұрғысынан да бірсыпыра өзгешеліктер бар.

Поэма – эпикалық жанрдың орта көлемді түрі. Онда белгілі бір кезеңдегі өмір шындығы (ол тарихи шындық немесе автордың ойдан алған шындығы болуы мүмкін) мен адам тіршілігінің алуан сәттері, қоғам өміріндегі елеулі оқиғалар суреттеледі.

Туу, даму тарихы тұрғысынан қарағанда поэманың әдебиет тарихында қалыптасқан негізгі екі үлгісі бар, оның біріншісі – түп негізі көне дүние әдебиетінде туып, жетілген гректердің халық эпосы («Илиада» мен «Одиссея») мен өзге халықтардың ауыз әдебиетінде кеңінен орын алған дәстүрлі батырлар жыры, былиналар немесе эпостық поэмалар. Бұл үлгідегі батырлар жыры әсіресе қазақ халқының ауыз әдебиетінде, сондай-ақ туысқан түркі халықтарының ауыз әдебиетінде молынан дамыған. «Алпамыс батыр»,

«Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», қырғыздың «Манас» жыры т.б. Екіншісі – жазба әдебиеттегі өлеңмен жазылған, сюжетке құрылған көлемді шығармалар. Мәселен, Пушкиннің «Полтавасы», Абайдың «Ескендірі», Мағжанның «Батыр Баяны» т.б. сияқты. Поэмалар негізінен белгілі бір сюжетке құрылады, алайда сюжетсіз поэмалар да әдебиет тарихында баршылық. Мысалы: С. Торайғыровтың «Адасқан өмір», Жұбан Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмалары т.б.

Өмір шындығын бейнелеу, көркем таныту әдісіне байланысты поэмаларды романтикалық (Пушкиннің «Кавказ тұтқыны», Мағауияның «Медғат-Қасым», Ақылбайдың «Дағыстаны», Қ. Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңызы» т.б.), реалистік (С. Сейфуллиннің «Көкшетауы», І. Жансүгіровтің «Құлагері», С. Мұқановтың «Сұлушашы», т.б.) деп жіктеу де қалыптасқан. Поэмаларды сондай-ақ тақырыбына қарай бөліп, топтастыру да қалыптасқан дағды. Мәселен, тарихи тақырыптағы поэма, төңкеріс тақырыбындағы поэма, махаббат – сүйіспеншілік тақырыбындағы поэма т.с.с.

Орта көлемді эпикалық түрге жататын повесть (хикаят) көлемі мен мазмұны, құрылысы жағынан өзгеше жанр. Мәселен, ол әңгіме мен новеллаға қарағанда анағұрлым көлемді, сондықтан оны ұзақ әңгіме (А. Байтұрсынов) деп те атайды. Повестің сөз болған жанрлардан көлемділігі, композициялық құрылымының күрделілігі, сюжет ерекшелігі, кейіпкерлер санының айтарлықтай көптігі оның өмір шындығын қамту мен оны көркем жинақтап таныту мүмкіндігінің молдығын т.б. белгілейді. Повесте өмір келбеті адамдар арасындағы қарым-қатынас жайлары бірер оқиға, көріністі, санаулы сәттер шеңберінде емес, адам ғұмырының белгілі кезеңдерін, шақтарын қоғам шындығымен тығыз сабақтастыра отырып кеңірек те тереңірек қамту арқылы көркем танылады.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский «Поэзияны тегі мен түріне қарай бөлу» атты әйгілі еңбегінде «повесть дегеніміз ол да роман, бірақ оның көлемі кіші болады, повестің айырмасы мазмұнының көлемі мен мағынасында» [4] деп атап көрсетеді. Сыншы пікірінің дұрыс жағымен қатар ойланарлық тұстары да бар. Мәселен, повесть пен романның жанрлық айырмашылығын мазмұнға байланысты таныту орынды десек те, көлемге сәйкес ажыратуға ұмтылу шартты. Өйткені аталған екі жанрдың кейбір туындыларын көп ретте көлем жағынан ажырату қиынға түседі

әрі бұл дәл болмас та еді. Пушкиннің «Капитан қызы» повесі, мәселен, Лермонтовтың «Біздің заманымыздың геройы» романынан көлем жағынан үлкен, М. Горькийдің «Челкаш» атты әңгімесі көлемі тұрғысынан кез келген повеспен иық тірестіре алады [5]. Демек, жанрлардың аражігін ажыратуда шығарманың көлемі нық, дәл өлшем бола алмайды. Ең басты өлшем-критерий - қоғамдық шындық көркем танылған мазмұн, көркем жинақтау мен типтендіру деңгейі, типтік тұлғалардың сомдалуы, баяндау шеберлігі, суреттеу кемелдігі, композициялық бітім ерекшелігі.

Сонымен повесте қандай жағдаят суреттелуі керек? Бұны Белинский сөзімен айтқанда төмендегідей: «Тіпті ғасыр жасасаң да басынан өткере алмайтын, бірақ, маңыздылығы соншалық, бір сәтте қаншама өмір белестерін көз алдына әкелетін оқиғалар, жағдаяттар болады ғой. Олар драмаға жетпейді, романға келмейді, повесть міне осындай оқиғаларды қамтып, оларды өзінің тар шеңберіне сиғызады».

Повесте баяндалар оқиғалар негізінен бас кейіпкердің төңірегіне топтастырылып, оның болмыс-бітімін ашуға, характерінің қалыптасу белестерін көрсетуге бағытталады. Сюжет желісі де екі бағытта өрбуі мүмкін.

Мәселен, Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінде негізгі сюжеттік желі Әбдірахман мен Шұғаның сүйіспеншілік жайларына құрылған десек, екі жастың бас еркіндігіне қарсы топтың іс-әрекеті екінші желіні құрайды.

Повесть – орыс әдебиетіндегі тарихи көне жанрдың бірі. Алғашқы орыс повестері қатарында «Повесть временных лет» аталып жүр. Бұл жанрдың өрлеу – гүлдену дәуірі ХІХ ғасырдан басталады. Пушкиннің «Бұрқасын», «Капитан қызы», Гогольдің «Тарас Бульба», «Шинель», Тургеневтің «Ася», Л. Толстойдың «Қажымұрат» т.б. – жанрдың классикалық үлгілері.

Ал төл әдебиетте жанрдың туу тарихы ХХ ғасыр басындағы әдебиеттен – «Мұңлы Мариам» (М. Кәшімов), «Шұғаның белгісі» (Б. Майлин) повестерінен (алғашқысы 1914, кейінгісі 1914-1915 жылдары жазылғаны мәлім) бастау алады. Бұл жанрдың шын мәнінде профессионалды түрде өсіп, қалыптасуы кеңестік кезеңде М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, С. Сейфулиннің, Ғ. Мүсіреповтің, Т. Әлімқұловтың, Т. Ахтановтың, О. Бөкеевтің, М. Мағауиннің, Д. Исабековтің т.б. повестері бұған дәлел.

Эпикалық жанрдың ең күрделі, жоғары түрі – роман. Роман қоғам өмірі мен жеке

адам тіршілігінің алуан жайларын, жекелеген сәттері мен тұтас характерінің қалыптасуының белестерін, дәуір шындығын жан-жақты ашып бейнелейтін жанр. Романның көлемінің молдығы, композициялық құрылысының күрделілігі, сюжетінің көпжелілігі, суреттеу-баяндау, бейнелеу құралдарының алуандығы оған осындай мүмкіндік береді.

Роман деп әуелде түрлі тақырып, алуан мазмұндағы роман тілдерінде қарасөзбен жазылған шығармаларды атаған. Кейін келе-келе тілдің атауы ғана қалып, сюжетті, кең көлемді, баяндауға құрылған шығармаларды роман деп атайтын болған. «Дафнис пен Хлоядан» ХІХ ғасырдағы Бальзак, Тургенев, Достоевский, Л. Толстой романдарына дейінгі аралықта талай ғасыр жатыр, бұл мерзім осы жанрдың өсу, қалыптасуының ұзақ жолдарын көрсетеді.

Шынында да роман көркемдік ойлаудың жоғары түрі ретінде қай кезде де болмасын – кеше де, бүгін де ұлттың, қоғамның мерейін көтеретін маңызға ие болып келді, алда да солай бола бермек. Адамзаттың көркемдік дамуының ұзақ та мерейлі тарихына көз жіберсек, әр дәуірдің әдебиетінде белгілі бір жанрдың үстемдік құрғанын аңғарар едік. Аристотель заманынан бастап ХVІІІ ғасырға дейін Батыс Еуропа әдебиетінде драма (трагедия, комедия) мерейі басым болып келгені әмбеге аян. Ал, ХІХ ғасырдың орта тұсынан, әсіресе екінші жартысынан бастап орыс және Батыс Еуропа әдебиеттерінде проза, үлкен проза (роман) жетекші рольге ие болады. В.Г. Белинский сөзінің шындығы («біздің заманымыздың эпопеясы – роман» деген) әдеби процестен айна-қатесіз көрінеді. Міне осы кезден бері қарай роман әдеби процесте жетекші жанрға айналып қана қойған жоқ, ол сонымен қатар, белгілі бір халықтың, ұлттың әдебиетінің профессиональдық жоғары деңгейге жеткендігінің де өлшеміне айналады. Романы бар, роман жанры қалыптасқан әдебиет – өскен әдебиет саналуы заңдылыққа айналды.

Төл әдебиетімізде де роман жанрының мәртебесі жоғары. Тарихы ХХ ғасыр басындағы алғашқы қазақ романдары – «Бақытсыз Жамал» мен «Қалың малдан» басталатын бұл жанр 20-30-жылдарда «Адасқандар», «Ақбілек», «Қартқожа», «Жұмбақ жалау» арқылы негізін қалап алып, 40-60-жылдарда Абай туралы әйгілі романдармен сол кездегі Одақ пен әлемге кеңінен танылып, «Дауылдан кейін», «Ақ Жайық», «Көшпенділер», «Қан мен тер» арқылы толыға, биіктей түсіп, бүгінгі «Үркер» мен «Аласапыранға», «Соңғы көшке» сәтті

ұласып отыр. Төл әдебиетте кейінгі 25-30 жылда роман жанры, оның ішінде тарихи роман мейлінше қарқынды дамып, әдеби процесте жетекші жанрға айналды. Бұл – өскен, толысқан әдебиетке тән құбылыс.

Үлкен сөз зергерлерінің бірі Константин Федин: «Роман – жанрлардың құдайы» деген екен бірде [6]. Бұлай дегенде ол жанрдың алымдылығын, өмір шындығын қамту мен суреттеудегі мол мүмкіндігін ескерсе керек. Шындығында, өмір болмыстың сырлы суретін, адам характерінің алуан қырларын көркем бейнелеп-бедерлеуде, жан-жақты танытуда романмен бәсекеге түсетін жанр жоқ. Өйткені, роман – көркемдік ойлаудың шыңы, ең күрделі де толымды эпикалық жанр.

Бұл тұжырымды Ш. Айтматовтың мына пікірі детолықтыратұскендей: «Роман жазушы ойының мүшелене толысып, шеберлігінің шыңдалып, нағыз суреткер ретінде қалыптасуының дәлелі [7]. Роман – шығармашылық ойдың асқаралы шыңы»

Сонымен роман қандай жанр? Оның жанрлық ерекшеліктері қандай? Бұл ретте алдымен бірсыпыра пікірлерге жүгінуді мақұл көреміз.

Белгілі орыс ғалымы М. Бахтин Ф. Достоевский романдарын сөз ете отырып жанрдың полифониялық (полифония – гр. сөзі, музыкалық термин, көпүнділік, алуан сазды деген мағынада) сипатына мән берген [8]. Ал, «Эпос және роман» деп аталатын мәшһүр мақаласында роман геройының дайын, өзгермейтін күйде емес, керісінше өмір ықпалымен өзгеру, қалыптасу үстінде көрінетіндігі, кейіпкерлердің өз болмысында ұнамды, ұнамсыз, күлкілі және байыпты сипаттарымен қатар алынып суреттелуі, романның өзге жанрлар ерекшеліктерін өзіне еркін сіңіріп отыратындығы, сондай-ақ оның әлі қалыптасып болмаған, қалыптасу үстіндегі бірден бір жанр екендігі т.б. туралы толымды ойлары роман табиғатын тануда маңызды.

Әдебиеттанушы ғалым В. Днепрова болса романның көпжоспарлылығы (многоплановой), суреттеу амалдары мен тәсілдерінің (драмалық көріністер мен лирикалық монологтар, табиғат көріністері мен көсемсөз, шағын және өте кең көлемді суреттеулер, автор атынан және кейіпкер атынан әңгімелеу, оқиғалар дамуы мен психологиялық талдау, өткенге шегініс – шолу жасау мен бүгінгіге оралу, болғанды көрсету мен оны талдау, суреттеу мен пайымдау т.б.) қатар қолданылу мүмкіндігінің молдығына мән берген [9].

Ал, З. Қабдолов «Сөз өнері» оқулығында

(308-б.) «...эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар шындықтың жекелеген эпизодтарын суреттеумен тынбайды, әдеби шығармаға арқау болған адам мен қоғам тіршілігін мейлінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды. Адам мен қоғам өмірінің қандай ақиқаты болсын мұнда бүкіл тамыр-тереңі-мен қопарыла көрсетіледі де, оқырманның көз алдында өзгеше бір әлем, бүтін бір тіршілік дүниесі пайда болады» дейді.

Сонымен, қорытындылай келгенде, романның жанрлық ерекшеліктері дегенде біз мынаны есте ұстауымыз керек: өмір шындығын барынша кеңінен қамтитын ауқымдылығы, композициялық құрылысының күрделілігі, оқиғалардың, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың сан сала бағытта, әлденеше сюжеттік желілер құрып қатар дамуы, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы, әлеуметтік топтар арасындағы күрделі қатынастарды, қақтығыстарды ұзақ кезеңге немесе адам өмірінің белгілі белестеріне, тұтас ғұмырына орайластыра жан-жақты әрі терең қамтып, суреттеп, белгілі бір уақыт пен кеңістік аясындағы өмір шындығының көркем панорамасын бере алатындығы, жеке адамдар тағдыры, олардың тартыс-талайы арқылы халық тағдыры, қоғамның әлеуметтік келбеті танылатындығы.

Роман жанрының ең кемелді жоғары түрі – роман-эпопея. Шынтуайтқа келгенде, бұл да роман, бірақ ол қалыпты романдан романдық ойлаудың, осы заманғы эпостың биік үлгісі ретінде көптеген ерекшеліктерімен ажыратылады.

Роман-эпопеяға «ерекше бір бетбұрыс кезеңдегі халық өмірінің шежіресі» (Якименко) деп қарау – көпке танымал тұрлаулы түсінік. Тіпті Л. Якименко «роман-эпопея» деген терминді қош көрмейді, эпопея деген атаудың өзі-ақ жетіп жатыр деп біледі [10]. Ал, Чичерин болса, роман-эпопеяда адамның жеке өмірі халық тарихымен сабақтасып жатады дейді [11]. Көрнекті әдебиет теоретигі Н. Гуляев пікірі мынадай: «Самый существенный признак эпопеи в том, что в ней изображаются события, решающие судьбу родины, нации, народа. Эпический герой, проявляя свободную волю, подчиняет себя целиком выполнению высокого патриотического или революционного долга. В силу этого образ, не теряя индивидуального своеобразия, становится необыкновенно емким, в нем концентрируются типические черты народа» [12].

Үш пікір де бірін-бірі толықтыра отырып, жанрға тән басты ерекшеліктерді (бетбұрыс

кезеңдегі халық өмірінің шежіресі, жеке тұлға тағдырының халық тарихымен, өмірімен сабақтастыра бейнеленуі т.б.) дұрыс түйіндейді. Әрине, роман-эпопеяда бұнымен қатар адамның жеке тіршілігі, отбасылық өмірі де қамтылады. Л.Толстой әйгілі туындысында («Соғыс және бейбітшілік») соғыс, майдан көріністерімен қатар Болконскийлердің, Ростовтардың т.б. отбасылық өмірін де өзіне тән талант қуатымен барынша шынайы бейнелесе, М. Әуезов «Абай жолында» Абайдың ұшқан ұя, өскен ортасының шындығын, туыс-ағайындар, замандас достарының бейнелерін, бас кейіпкердің жеке адамдық тағдырын, азаматтық, ақындық қалыптасу өткелдерін суреттеуге зор мән берген. Сөйтіп, Абайдың жеке адамдық, азаматтық арманының көптің, халықтың арман-тілегімен ұштасуын шынайы суреттеген. Шынында да, эпопеяға өмір-пәнидің кез келген құбылыстары ғана емес, халық, ұлт, қоғам өміріндегі айрықша елеулі әлеуметтік мәселелер – оқиғалар мен тарихи бетбұрыс кезеңінің шындығы арқау болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, эпикалық баяндау немесе бейнелеу тәсілінің өмір шындығын көркем әрі кеңінен таныту мүмкіндігі мол. Өйткені эпикалық шығармаларда шындықты бейнелеп танытудың алуан түрлі амал-тәсілдері молынан қолданылады. Олар: авторлық баяндау, суреттеу, кейіпкер (кейіпкерлер) сөздері (монолог, диалог), лирикалық шегіністер, табиғат көріністері, мінездеу, психологиялық талдау үлгілері, интерьер т.б. Бұның бәрі жазушыға өзін толғандырған қоғамдық жағдаяттар мен адамдар тағдырын таным тереңдігі, талант құлашы жеткенше қамтып, көркем танытуға көптеген мүмкіндіктер береді.

Эпикалық шығармаларда қоғамдық өмір шындығы мен адамдар тағдырының жекелеген сәттері мен кезеңі де, сондай-ақ тұтас дәуір, бірнеше ұрпақ ғұмыры да кеңінен қамтылып, жан-жақты көрініс таба алады. Сөйтіп, эпикалық туындыларда уақыт пен кеңістік тұрғысынан ешқандай шектеулік болмайды.

Әдебиеттер

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.
- 2 Фолкнер У. Шум и ярость. – М., 1987.
- 3 Мүсірепов Ғ. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 4 Щедрин С. Литературные жанры. – М.: Наука, 1973.
- 5 Горький М. О литературе. – Алматы, 1984.
- 6 Бугаенко П.А. Константин Федин: Личность. Творчество. – Саратов, 1980.
- 7 Айтматов Ч.Т. Плаха. – Днепропетровск, 1989. – 559 с.
- 8 Бахтин М.М. Театрология. – М.: Лабиринт, 1998.
- 9 Днепров В. Идеи времени и формы времени. – М., 1980.
- 10 Якименко Л.В., Воронцов Н.Н. Морфотипичекая изменчивость кариологически дифференцированных популяций слепушонок надвида *Ellobius talpinus* // Фенетика популяций: [материалы 2 Всесоюз. совещ., Москва, 1979 г.]. – М.: Наука, 1982. – С. 276-289.
- 11 Чичерин А.К. История лейб-гвардии Преображенского полка. 1683-1883 г. – СПб.: Тип. А.А. Краевского, 1883-1888.
- 12 Гуляев Н.А. Теория литературы. – М., 1985.

References

- 1 Qabdolov Z. Söz öneri. – Almatı, 1992.
- 2 Folkner U. SHum i yarost'. – M., 1987.
- 3 Müsirepov Ǵ. Şıǵarmalar jınaǵı. – Almatı: Jazwşı, 1989.
- 4 SHCHedrin S. Literaturnye zhanry. – M.: Nauka, 1973.
- 5 Gor'kij M. O literature. – Almaty, 1984.
- 6 Bugaenko P.A. Konstantin Fedin: Lichnost'. Tvorchestvo. – Saratov, 1980.
- 7 Ajtmatov CH.T. Plaha. – Dnepropetrovsk, 1989. – 559 s.
- 8 BahtinM.M. Teatrologiya. – M.: Labirint, 1998.
- 9 Dneprov V. Idei vremeni i formy vremeni. – M., 1980.
- 10 YAkimenko L.V., Voroncov N.N. Morfotipichekaaya izmenchivost' kariologicheski differencirovannyh populyacij slepushonok nadvida *Ellobius talpinus* // Fenetika populyacij: [materialy 2 Vsesoyuz. soveshch., Moskva, 1979 g.]. – M.: Nauka, 1982. – С. 276-289.
- 11 CHicherin A.K. Istoriya lejbgvardii Preobrazhenskogo polka. 1683-1883 g. – SPb.: Tip. A.A. Kraevskogo, 1883-1888.
- 12 Gulyaev N.A. Teoriya literatury. – M., 1985.